

«Мыңдаған даналық беттер»


Жаңа энциклопедиялық және анықтамалық әдебиеттерге
ақпараттық шолу

Энциклопедия

- *Энциклопедия – анықтамалық жинақ. Мұнда бір жағынан, жеке елдің, халықтың төл болмыс-бітімі ашылса, екінші жағынан, сол халықтың хабардарлығы, әлемдік өркениетке көзқарасы бейнеленеді.*
- *Мемлекеттің ұлттық энциклопедиясы – сол ел халқының дәстүрлі дүниетанымы мен ғылыми ұғымдарын жүйелеп, төл болмыс-бітімін танытатын; отандық тарихын таразылап, мәдениетінің даму арналары мен жеткен биігін айғақтайтын; жер-суының ежелгі және кейінгі атауларын шежірелеп, табиғи байлықтарын түгендейтін; адамзат баласының басынан өткен қадау-қадау оқиғалар мен қазіргі заманғы әлемдік құрылымға өзіндік көзқарасын аңғартатын бірегей рухани қазына.*

**Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құрас. : Ғ.Әнес,
С.Смағұлова. - Алматы : «Арыс» баспасы, 2009. - 544 б**

Қазақ халқының ұзын-ырға тарихындағы айтулы, белесті кезеңі – ХХ ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің соңынан ерген жылдары. Ресми түрде «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметі 1917 жылдың соңында құрылғанымен Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы бастаған ұлт көсемдері ғасыр басында-ақ саяси аренаға шықты. Күрескер ұлт зиялылары әсіресе 1913 жылдан бастап Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетінің маңына топтасып, бағыт-бағдарын айқындап, айтулы саяси күшке айналды. Кеңес өкіметі жылдарында «жабық» тақырыпқа айналған, есімдері мен еңбектері ескерусіз келген Алаш арыстары туралы еліміз тәуелсіздік алған соң ғана жан-жақты сөз бола бастады: олардың мұралары жарық көрді, зерттеу еңбектер жазылды, есімдері ұлығталды... Бұл жинақ-кітапқа осы кезге дейінгі Алаш зиялылары туралы жарық көрген барша еңбектер сұрыпталып, қорытылып, тиянақталып беріліп отыр.



Терминология туралы ой-пікірлер

- *«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінше жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап, сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі зор.*

*Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті аса көрнекті ғалым **Ахмет Байтұрсынұлы** иеленіп тұр.*

Терминология туралы ой-пікірлер


- *Ана тілді дамытудың, оны шеттен тіл ауысу арқылы термин жасаудың әлемдік жолын Бауыржан Момышұлы жақсы білген. Ол «тілді байытам деген ақ адал ниетінің негізі, ана тілін толығымен сақтап, жаңалықтардың оның үстіне қосып, дамыту, таныту әбден айқын, әр халықтың тарихында бар арналы жол-нұсқа» деп атап көрсетеді.*
- *«Өзіміздің тіл байлығымызда жоқ, бұрын халқымыздың өмірінде кездеспеген жаңа заттардың аты, сөздер теріліп, жиналып, сөз азаматтығына қабылданып, заңды жүйеге салынуы керек» дейді Бауыржан Момышұлы.*

Термин ұғымы

- **Термин** (лат. *terminus* - шек, шеті, шекарасы деген мағынада) - ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Әдетте тілдегі қандай сөз болсын көп мағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты, айқын болу қажет. Сондықтан сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады. Терминдер толық мәнінде сапалы болу үшін ол жалпыға түсінікті, мағынасы мейлінше нақтылы, айқын болуы шарт және ғылыми терминология құрамындағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты, қолдануға ыңғайлы болмақ. Ғылыми ұғымдардың қазақ тілінде мағынасын терең ашып жеткізетін және өзі жатық, құлаққа жағымды, көпшілік жақсы қабылдайтын терминдерді әлі де көптеп қалыптастыру қажеттігі бүгін өмір талабынан туып отыр.

Қазақстан-2050 = Казахстан-2050 : Терминологиялық анықтамалық / ред. М. Б. Қасымбеков. - Алматы : Полиграфкомбинат, 2014. - 396 б.

Бұл терминологиялық анықтамалықтың мақсаты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында қолданылған негізгі ұғымдар мен терминдерді түсіндіру. Анықтамалықта 100-ге жуық ұғымдар енгізілген, олар – жүйелік түсініктер: экономика; әлеуметтік саясат және мемлекеттік басқару; дін, тарих, қазіргі заман; геосаясат және қауіпсіздік деген бес бөлімге бөлінген.



Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (2006-2011жж.) Анықтамалық. Үшінші шығарылым. : Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына / В.Н.Шепель. - Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2012. - 430 б.

Анықтамалықта 2006 ж. 1 қаңтарынан 2011 ж. 1 мамырына дейінгі кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары туралы мәліметтер берілген. Анықтамалыққа енгізілген мемлекеттік органдардың қатарына төмендегілер жатады: мемлекеттік биліктің жоғары органдары; ҚР Президентінің қызметін қамтамасыз ететін басқару органдары, сондай-ақ оған тікелей бағынысты және есепті мемлекеттік органдар; ҚР министрліктері; ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар; ҚР ведомстволары; мемлекеттік банктер. Органдарды анықтамалыққа енгізу үшін олардың әрқайсысы мемлекеттік органдар болып табылуы міндетті шарт болды.



Қазақтар. Көпшілікке арналған 9-томдық анықтамалық. 1-том. Тарихи оқиғалар - Алматы : Қазақстанның даму институты, - 432 б

Көпшілікке арналған 9- томдық анықтамалықтың I- томы қазақ халқының тағдырына терең із қалдырған, Қазақстан тарихындағы ерен елеулі деген оқиғалардың өзіндік жылнамасынан тұрады. Томның хронологиялық шеңбері б. д. д. v ғ.-дан осы күндерге дейінгі аралықты қамтиды. Қазақ халқының өткені құр фактілер мен жеке тұлғалардың биографиялық мәліметтері арқылы өлшенбек емес. Ол анағұрлым бай. Сондықтан назарларыңызға ұсынылып отырған анықтамалықтың жарыққа шығуы тек елімізде емес, сонымен қатар шет елдерге де кеңінен танымал көрнекті отандық ғалымдарымыздың еңбектері арқасында ғана мүмкін болғандығын айта кетуіміз керек. Еліміздің рухани мұрасын молайтуға кезінде елеулі еңбек сіңірген М. Тынышпаев, С. Асфендияров, А.Марғұлан, Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Е.Бекмаханов, М. Қозыбаев, С. Зиманов, Х. Арғынбаев тәрізді атақты ғұламаларымыздың, сол сияқты қазіргі отандық тарих ғылымының К. Байпақов, К. Ақышев, М.Қойгелдиев, Т. Омарбеков, К. Нұрпейісов, Р. Сүлейменов, М. Мұқанов, Ж. Қасымбаев сынды белгілі өкілдерін атап өтпеске болмайды. Кітапты жазу үстінде көп-көп ғылыми еңбектер, зерттеунамалар, мұрағат дүниеліктері, энциклопедиялық һәм анықтамалық әдебиеттер пайдаланылды.



Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік : Анықтамалық. – Алматы: Сардар баспасы, 2013. – 456 б.

Бұл монографияның бірінші бөлімінде қазақ тілінің сөз байлығыннан ерекше орын алатын құнарлы да байырғы қосарлама және қайталама қос сөздер категориясының тілдік табиғаты, жасалу тәсілдері мен құрамдық, мағыналық топтары, лексика-фонетикалық және грамматикалық заңдылықтары, шығу тарихы және тілдегі қолданыс аясы мен лексикографиялық сипаты кең түрде сөз болады. Монографияның екінші бөлімінде қазақ тіл білімінде алғаш рет қосарлама және қайталама қос сөздердің түсіндірме сөздігі беріліп отыр.



Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік : II том. Қоғам / Ә. Қайдар ; ред. Ж. Манкеева. - Алматы : Сардар баспа үйі, 2013. - 728 б.

«Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздік «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын 3 кітаптан тұрады. Сөздіктің «Қоғам» деп аталатын 2 - томында қазақ этносының ру-тайпа шежіресі, мемлекеттік құрылымы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, рухани мәдениетіне қатысты салт-дәстүрлері, ұлттық өнері мен мейрам-тойлары, өлшемдері мен діни көзқарасы сияқты қоғамдық тақырыптар аясында кездесетін сөздік қорымыздағы атаулардың этнолингвистикалық табиғаты ашылады. Қазақ қоғамының шежірелі тарихын, мемлекеттік құрылымын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, кәсібі мен шаруашылығын, ұлттық өнері мен салт-дәстүрлерін, халықтық өлшемдері мен діни көзқарасын, мәдени-аксиологиялық қорын сипаттауға арналған этнолингвистикалық сөздіктің бұл томы қазақ тілінің бай тілдік және этнолингвистикалық деректері негізінде жазылып отыр.



Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік : III том. Табиғат / Ә. Қайдар ; ред. Ж. Манкеева.- Алматы : Сардар баспа үйі, 2013. - 608 б.

«Табиғат» деп аталатын 3-томында аспан әлемі, табиғат құбылыстары, түр-түс әлемі, жер-су, өсімдіктер дүниесі мен жануарлар дүниесі сияқты тақырыптарда қамтылған тілдік бірліктер этнолингвистикалық тұрғыда талданады. Тілдік бірліктерді тақырып-тақырыпқа бөліп, реттеп, жүйелеп, әрқайысына түсініктеме, анықтама беріп отырмыз. Нәтижесінде сол анықтамалар мен түсініктемелерден халқымыздың өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, ұғым-түсініктері, мәдени-рухани болмысы, сана-сезімі, білімі, талғам-таразысы, ақыл-парасаты, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, бәрі-бәрі түгелдей көрініп тұрады. Солар арқылы халқымыздың кім екендігін, қандай халық екендігін тануға, танытуға болады.



Сөздік тарихы

- *Алғашқы сөздік өзге тілдер сөздерін түсіндіру мақсатында ерте заманда жасалды. Грекияда б.з.б. 5 ғасырда, Үндістанда б.з. 12 ғасырында (“Хемачандра”), Ресейде 13 ғасырдан бастап сөздіктер құрастырылды. Түркі халықтарының алғашқы сөздікі 11 ғасырда жазылған Махмұт Қашқаридың “Диуани лұғат-ит-түрк” еңбегі саналады. Кейінірек екі тілді немесе көп тілді сөздіктер жасалды. Мысалы, араб-парсы, түрік-моңғол сөздерін салыстыру тұрғысынан Замахшаридың “Мұқаддимат әл-адаб” сөздігі (12 ғасыр), Әбу Хайяның “Китаб әл-идрак Ли-Лисан әл-атрак” атты қыпшақ тілінің грамматикасы мен сөздерінің жинағы (14 ғасыр), Жамал әд-Диннің араб-қыпшақ сөздігі ретінде құрастырылған “Бұғат әл-мұштақ” (15 ғасыр) еңбектері. Қазақ тілінің сөздіктері 1860 жылдардан бастап жарық көре бастады. Сөздіктің әлеуметтік қызметінің маңызы ерекше: дереккөзі ретінде жылдам ақпарат алуға болады; сөздердің мағынасы мен дұрыс қолданылуы туралы нормативтік бағыт береді, т.б. Сөздік жасаудың әдісін, теориясы мен тәжірибесін, технологиясын лексикография саласы зерттейді.*

Аударма

- *Аударманың мақсаты – бастапқы түпнұсқа тілін білмейтін оқырманды/тыңдарманды өзге тілдегі мәтінмен мүмкіндігінше жақын таныстыру;*
- *Аударма дегеннің өзі – басқа тілдің құралдарымен бейнелегенді екінші бір тілдің құралдарымен бейнелегенді екінші бір тілдің құралдарымен толық та нақты, нық шынайы, сенімді бейнелеу.*

Бакитов А. Французша-орысша-қазақша, қазақша-орысша-французша дипломатиялық терминдер сөздігі / А. Бакитов, Р. Жуманова. - Алматы : Фирма "Өрнат" ЖШС, 2013. - 380 б.

Сөздікте халықаралық қатынастар, дипломатия, ғылым, саясат және экономика салаларының негізгі терминдері қамтылған. Әр түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас жемісті болу үшін тілдің де маңызы зор екендігіне дау жоқ. Дипломатиялық қарым-қатынаста тілдердің ерекшеліктерін ескере отырып, шет ел өкілінің айтқан ойын дәл түсіну, тілдік бірліктердің ұлттық реңктерін жоғалтпай жеткізе білу қажет. Тіл мамандарының айтуынша жалпы дипломатиялық терминдер ғылым, саясаттану, сыртқы және ішкі саясат, әскери мемлекеттік және халықаралық құқық, экономика және қаржы салаларында кеңінен қолданылады. Салалық мәні бар жекеленген тарихы және арнайы терминдердің қосымша түсіндірмелері, сондай-ақ, қысқаша анықтамалық мәліметтер сөздіктің қолайлығын арттыруға көзделген.



Қазақша- немісше және немісше-қазақша дипломатиялық анықтамалар сөздігі : (Құрамдас туынды) = Kasachisch- deutsches und deutsch-kasachisches handbuch der Diplomatie : (Zusammengestelltes Werk) / құраст. Ә.Әлжанов. - Алматы: Қазығұрт баспасы, 2013. - 176 б.

Қазақша-немісше және немісше-қазақша дипломатиялық анықтамалар сөздігі : (құрамдас туынды) қоғам өмірінің маңызды салаларының бірі- елдің ішкі-сыртқы саясаты мен халықаралық дипломатиялық қатынастарды қамтитын және аталған тілдердегі ұғымдарды жинақтап, түсіндірмесі мен аудармасын берген Қазақстандағы алғашқы сөздіктердің бірі. Автор жұмыс барысында осы саладағы түрлі әдебиетті, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын, дипломатиялық хат-хабар үлгілерін, сонымен қатар өзінің Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Елшілігінде жиналған тәжірибесін пайдаланған.




Русско-казахско-английский дипломатический словарь : / сост. Б. Ж. Жамкенов. - Астана - 2013. - 576 с.

Аталған басылым көпұлтты тәуелсіз Қазақстанда, сондай-ақ бүкіл әлемде болып жатқан ауқымды өзгерістер кезеңіндегі практикалық жұмыстарымыз үшін барынша қажет, қазіргі заман талаптарына сай келетін, іргелі лексикографиялық және терминологиялық еңбек болып табылады. Қазіргі заманғы үш тілді сөздіктер шығару бүгінгі таңда аса қажетті іс болып табылатыны анық. Мемлекеттік тілде іс жүргізуді кеңейту және қазақ тілін халықаралық қатынастарда жүйелі түрде қолдану Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап алғаш рет алға қойылды әрі ойдағыдай жүзеге асырылуда. Демек, біздің кәсіби саламызда мемлекеттік тілді кеңінен пайдалану бұл үдеріске маңызды үлес қосады және қазіргі заманғы қазақ тілінің лексикасы мен терминологиясының ажырамас бөлігін қалыптастырады. Назарларыңызға ұсынылып отырған сөздіктер 2004 және 2006 жылдары жарық көрген қазақша-орысша және орысша-қазақша дипломатиялық сөздік-анықтамалықтардың негізінде құрастырылды.



Словарь терминов в сфере государственного управления. Русско-казахско-англо-французский = Мемлекеттік басқару саласындағы терминдер сөздігі = Dictionary of terms in Public Administration : словарь / сост. З. Мажит, Г. Ж. Жумагалиева, А. Б. Сарсембаева, Д. Н. Асанова. - Астана : Акад. гос. упр. при Президенте РК, 2014. - 74 с.

Предлагаемый многоязычный словарь терминов в сфере государственного управления включает наиболее употребительные термины, используемые в общегосударственной управленческой системе, а также в повседневной социально-экономической жизни Казахстана. Словарь содержит около 1400 терминов на каждом языке, и может быть использован в учебно-образовательных, научных и практических целях. Издание предназначено для магистрантов, докторантов и слушателей других образовательных программ по государственному управлению.



Тұрсын Қ. Көпшілік коммуникация сөздігі : словарь / Қ. Тұрсын ; ред. Ш. Құрманбайұлы. - Алматы : Digital Media Asia, 2013. - 344 б.


Егемендігіміз елестен шындыққа айналған ширек ғасырға жуық мерзімде кино, радио мен теледидар, интернет пен сандық байланыстар саласы әлемдік кеңістікте өз арнасынан шығып, шекара атаулыны түгелге жуық жойды. Бүгінде электрондық басылымдар газеттен де жылдам, ал сайттар радио мен теледидардың да алдын орап, көпшілік аудиториясын шапшаң хабарлар ететін дәрежеге дейін жетті. Соған орай көпшілік коммуникация саласы, атап айтқанда кино, радио, телевидение, интернет, сайт салаларының аудиториясы өз аймағынан асып, бұқараның күнделікті тұтынатын әрі қажетті құралына айналды. Телеиндустрия мен радионың және интернет пен электронды басылымдардың үдере өркендеуі де осы саланың алдына зор міндеттер жүктеп отыр. Сондықтан сөздікте күн санап тілдік қолданыс аясына кеңінен еніп жатқан терминдер мен ұғымдардың, анықтамалардың қазақша баламалары мен түсіндірмесі, сондай-ақ орысша ұғым берілді.



Қорытынды

- *«Бүгінгі таңда – қазақ терминологиясының қайта қалыптасу кезеңінде бүкіл елдің назарына ұсынылатын сөздіктерде бірізділіктің болмауы саланың дамуына кедергі келтіріп, тиісінше іс жүргізуде келеңсіздіктер туғызуда. Терминология саласы бойынша еліміздің аумағында шығарылатын барлық сөздіктерге сараптама жасап, терминдерді біріздендіру қажет.*

Назарларыңызға рахмет!

A series of horizontal lines in teal and light blue colors, with varying lengths and thicknesses, extending across the width of the slide.